

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№7 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

16 ақпан 2023 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2023 жыл 16 ақпан, сағат– 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022-2023 оқу жылындағы қысқы сессия нәтижелерін талдау (*Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова*);
2. 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларының тізімін бекіту (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*);
3. 2022-2023 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау (*Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы- Ж.Е.Дарибаев*);
4. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру (*Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.А.Ибрагимова*);
5. 2022-2023 оқу жылында көктемгі аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (*Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы – Л.А.Ибрагимова*);
6. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет (*Кітапхана басшысы – А.А.Абсеметова*);
7. Өртүрлі мәселелер
 - 7.1 Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Факультет төрағалары*);
 - 7.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен рәсімдеу ережесіне толықтырулар енгізу (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.Полатбекова*);
 - 7.3 «Lesson Study технологиясы арқылы сабақты зерттеу» курстың жұмыс оқу бағдарламасын бекіту (Біліктілікті арттыру бөлімінің маманы – А.Бегманов).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 2022-2023 оқу жылының күзгі және қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелінсін;

1.2 2022-2023 оқу жылының күзгі және қысқы аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра деңгейінде талқыланып талдау жасалсын *(жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері)*;

1.3 Білім алушылар, оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі мен Академиялық адалдық кодексімен қайтадан толық таныс болуы қамтамасыз етілсін. Танысу парақтары деканатта сақталсын *(жауапты: факультет декандары)*;

1.4 Білім алушылар мен оқытушы-профессор құрамы тарапынан академиялық адалдық қағидаларының қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін *(жауапты: факультет декандары)*;

1.5 Емтихан қабылдаушылар мен кезекшілердің тізімін ПОҚ-ы мен қосалқы қызметкерлердің барлығының келісімімен рәсімделсін *(жауапты: факультет декандары, Академиялық департамент)*.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін ұсынылатын қолданыстағы білім беру бағдарламаларының тізімі (Бакалавр-60, Докторантура –15, Магистратура- 41. Резидентура - 28) бекітілсін *(жауапты: Академиялық департамент)*.

2.2 2023-2024 оқу жылына әзірленетін жаңа Білім беру бағдарламалары мерзімінде Реестрге енгізілген жағдайда білімгерлер қабылдауға ұсынылсын *(жауапты: Академиялық департамент)*.

2.3 Соңғы 2-3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына және 1-ші курста контингенті аз болуына байланысты тізімдерде келтірілген ББ-ның кәсіби бағдар жұмыстары қарқынды түрде ұйымдастырылсын*(жауапты: факультет декандары, Академиялық департамент)*.

2.4 Соңғы 2 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты 7R01106 Отбасылық медицина және 6 ай ішінде тиісті даярлау бағыты бойынша лицензия алынбауына байланысты 8D01418 Денешынықтыру және спорт, 7M03239 Журналистика ББ білім беру бағдарламалары ББ Реестрінен шығарылуы үшін Сенатқа ұсынылсын *(жауапты: ОӘК хатшысы А.Б.Тасова)*.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1 Атамекен ҰП ББ Рейтингі нәтижелері назарға алынсын.

3.2 Кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттер кафедра меңгерушілерінің, факультеттердегі сапаны ішкі қамтамасыз ету комиссияларының қатысуымен Рейтинг нәтижелеріндегі көрсеткіштердің төмендеу себептерін талдап, түзету іс-шараларын жоспарласын (*жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама сұрақтары бекітілсін (*жауапты: Академиялық департамент*);

4.2 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырып өткізуге техникалық қолдау көрсетілсін (*жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*);

4.3 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама өткізу кестесі бекітілсін (*жауапты: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі*);

4.4 Бекітілген кестеге сай білім алушылардың қатысуы 100% қамтамасыз етілсін (*Жауапты: факультет декандары, декан орынбасарлары*);

4.5 Сауалнаманың талдау нәтижелері наурыз айының Оқу-әдістемелік комитетіне дайындалсын (*жауапты: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі*).

Күн тәртібіндегі бесінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1 2022-2023 оқу жылының көктемгі аралық аттестаттауды қабылдау түрлері бекітілсін;

5.2 Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін *біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін* және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы жеткілікті болса өкіммен тағайындалсын (*Жауапты: факультет декандары*);

5.3 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және білім алушыларға жарияланбаған емтиханның жазбаша жауап парақтарының бағаларына постмониторинг жүргізілсін (*жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрағалары*);

5.4 Барлық емтихандардың бейне жазбаларына факультет деканының басқаруымен бекітілген арнайы құрылған жұмыс тобымен мониторинг жасалынсын (*жауапты: Факультет декандары*);

5.5 Бейнежазбаларға мониторинг барысында білім алушылар тарапынан тыйым салынған әрекеттер анықталған жағдайда жұмыс тобының ұсынысы

негізінде емтихан нәтижелері жоюға ұсынылсын (*жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрағалары, Ақпараттық технологиялар департаменті*);

5.6 Факультеттің ПОҚ-ы тарапынан жазбаша жұмыстарды бағалау барысында және бейнежазбаларға мониторинг жасау кезінде ПОҚ-ы мен қосалқы қызметкерлер тарапынан анықталған бұзушылықтарды жіберген жағдайда мәліметтер университеттің Этикалық және тәртіптік комиссиясына жіберілсін (*Жауапты: Академиялық департамент, факультет декандары, кафедра меңгерушілері*);

5.7 Кез-келген жазбаша (жоба қорғау, эссе т.б.) жұмыстар антиплагиаттан тексеруден өтуі міндеттелсін (*Жауапты кафедра меңгерушілері*);

5.8 Сессия басталарға дейін 20 күннен кешіктірмей емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп сайтта жариялансын, білім алушыларға қолжетімді болсын (*Жауапты: кафедра меңгерушісі*);

5.9 Факультеттерден келген емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг жүргізілсін (*Жауапты: Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

5.10 Барлық емтихандардың бейне жазбаларына Білім алушылардың өзін-өзі басқару тарапынан құрылған топпен бірлесіп мониторинг жасалынсын (*Жауапты: Академиялық департамент, Жастар саясаты департаменті*);

5.11 Жазбаша, тест-ЭЕМ, Мемлекеттік емтихан, ОҚКЕ емтихандардың бейнежазбаларының толығымен сақталуы қамтамасыз етілсін (*Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*).

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6.1 Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы статистикалық мәлімет назарға алынсын (*Кітапхана директоры – А.А.Абсеметова*);

6.2 Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 2-қосымша бойынша толық қамтылмаған ББ оқулықтармен қамтамасыз етілу бағытында жоспарланған іс-шаралардың орындалуы қадағалансын (*Кафедра меңгерушілері, Кітапхана директоры*);

6.3 Оқулықтармен өте төмен көрсеткіште қамтылған ББ толық қамтамасыз ету мақсатында шұғыл іс-шаралар жоспарланып іске асырылсын (*Кафедра меңгерушілері, Кітапхана директоры*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Төмендегі көрсетілген оқу құралдарын талқылап және бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

7.1.1 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Журналистика» кафедрасының оқытушысы Ә.Б. Тәшімованың «Медиа менеджмент» атты оқу құралы;

7.1.2 Медицина факультеті, «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының оқытушысы М.А.Алтынбековтың «Жалпы радиология негіздері мен тыныс алу, жүрек - қантамыр жүйелерінің рентгенологиялық зерттеу әдістері» атты оқу құралы;

7.1.3 Медицина факультеті, «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының оқытушысы Ш.У.Скендерованың «Эндокринология циклы» атты оқу құралы;

7.1.4 Медицина факультеті, «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының оқытушысы А.А. Анарбаеваның «Психиатрия негіздері» атты оқу құралы;

7.1.5 Медицина факультеті, «Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының оқытушысы К.С.Бабаеваның «Зертханалық клиникалық иммунология» атты оқу құралы;

7.1.6 Инженерия факультеті, «Компьютерлік инженерия» кафедрасының оқытушысы Г.Н. Казбекованың «AutoCad ортасында модельдеу негіздері» атты оқу құралы;

7.1.7 Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, «Жалпы дәрігерлік практика №2 кафедрасының магистр-оқытушысы А.Д. Тулемирзаеваның «Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері» атты оқу құралы;

7.1.8 Стоматология факультеті, «Зертханалық пәндер» кафедрасының б.ғ.к., аға оқытушысы Д.Н.Иманованың «Молекулалық биология» атты оқу құралы;

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен рәсімдеу ережесіне толықтырулар енгізілсін *(жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары – Қ.Полатбекова);*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.3 «Lesson Study технологиясы арқылы сабақты зерттеу» курстың жұмыс оқу бағдарламасы бекітілсін *(жауапты: Біліктілікті арттыру бөлімінің маманы – А.Бегманов).*

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



А.Б.Тасова